Бекітемін :
«Айгөлек» бөбекжай- бақшасының
директоры : Ж.Т. Утепова
«02» қыркүйек 2022 жыл

2022-2023 оқу жылы
«Айгөлек» бөбекжай- бақшасы
Педагогтармен жүргізілетін жұмыс жоспар

№	Жұмыстың мазмұны	Бағыты	Мерзімі
1.	Балаларды балабақшаға бейімдеу	психоағарту	қыркүйек
2.	Сөйлеу тілінде кемістігі бар балалармен жүргізілетін түзету жұмыстары	кеңес беру	қараша
3.	Балалардың тұлғааралық қарым-қатынастарын диагностикалау нәтижелері бойынша кеңес беру	кеңес	желтоқсан
4.	Түстер психологиясы	Түзету-дамыту	желтоқсан
5.	«Педагогтар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынас" тесті	психодиагностика	қаңтар 1апта
6.	Тренинг«психологиялық денсаулықтың құпиясы» Педагогтарға сауалнама	алдын алу кеңес беру	қаңтар
7.	«Жақсы көңіл-күй сыйлаймын» тренингі	Түзету-дамыту	қаңтар
8.	Эмоционалды стрессті жеңілдету Эмоционалды шиеленісті жеңілдету жаттығулары	Түзету-дамыту	жыл бойы
9.	Педагогтарға арналған релаксациялық жаттығулар	Алдын алу және ағарту	ақпан
10.	Әкімшілік-пен бірлесіп жұмыс жүргізу	алдын алу кеңес беру	наурыз
11.	«Эмоционалды күйзеліс деңгейі» диагностикасы (В. В. Бойко	Алдын алу ағарту	наурыз
12.	«Кәсіби Этика, балабақшадағы мінез-құлық	Ағарту	сәуір

Педагог –психолог: К.У.Айжарикова

Балабақша психологтарының семинары сәтінен











"Айгөлек бөбекжай-бақшасына"
жаңадан келген балалардың бейімделу туралы
аналитикалық анықтама

2022 жылы қыркүйек айында балабақшаға 25 бала қабылданды.
* Балалардың балалабақшаға бейімделуі бақылауға алынды.
* А.С.Роньжинаның әдісі бойынша жеке диагностика өткізілді.
Бақылау кезінде баланың психикалық денсаулығының келесі көрсеткіштері ескерілді:
- эмоционалдық жағдайы,
- ересектермен және балалармен әлеуметтік байланыстар;
- танымдық және ойын әрекеті;

Балалардың балабақшаға бейімделуінің диагностика нәтижесі:

Айы	Бала саны	Бейімделу формалары				
		Женіл		Орташа		Ауыр
қыркүйек	25	22	88%	3	12%	-

Осылайша:

22 баланың бейімделуі жеңіл түрде өтті. 5-6 күнде ұйқылары қалыпқа келіп, жақсы тамақтана бастады. Көңіл-күйлері жайдары, көтеріңкі болып бақшаға келеді. Қоршаған ортаға қызығушылығы,сөйлеу және танымдық белсенділіктері қалпына келді.

3 балада бейімделу процесі орташа дәрежесінде өтті: оларда психикалық күйзеліс белгілері байқалды: қорқыныш, қыңырлық, көз жасы. 3-4 апта аралығында балалардың мінез-құлқы жақсарды.

Бейімделудің ауыр түрі бар балалар жоқ.

Жалпы балалардың эмоционалды күйі жақсы, ересектермен және балалармен әлеуметтік байланыстары байқалады, танымдық және ойын әрекетіне белсенділік танытады.

Бейімделудің барлық кезеңінде педагог психолог «Мектепке дейінгі мекемеге бейімделу кезеңінде 2-4 жастағы балаларға арналған психолог сабақтары» атты Роньжина А.С бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізілді.

Әр бір балаға жеке көмек көсетілді. Топтардың тәрбиешілеріне балабақшаға бейімделу үдерісін жеңілдету бойынша ұсыныстар, жеке кеңес берілді.

Баланың балабақшаға сәтті бейімделуіне көмектесу мақсатында педагог-психолог ата-аналарға «Балаңыз балабақшаға баруға дайын ба?» , «Балаңыздың балабақшаға бейімделуі сіз үшін қалай өтті?» атты сауалнамалар жүргізді. Ата-аналар жиналысына «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында кеңес дайындалды.

Осылайша, бірлескен әрекеттердің арқасында жаңадан келген балалардың бейімделуі сәтті өтті.

Анықтаманы дайындаған балабақша психологі: Айжарикова К.У

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Диагностика қорытындысы бойынша

Хаттама №

Диагностиканың атауы: Педагогтар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынас " тесті . авторы В.Ф.Ряховскийдің

Мақсаты: тұлғаның кәсіби маңызды ерекшеліктерін анықтауда қарым – қатынас негізгі саты болғандықтан, іс – әрекет потенциялын анықтау, кәсіби және жеке тұлғалық дамудың перспективаларын және адамның коммуникативтілік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Кіммен өткізілді: тәрбиеші педагогтармен

Қатысқаны: 3

Өткізілген күні: 20.01.2023 ж.

Әдістеме барысында :

Әдістеме 16 сұрақтан тұрады. Әдістеме нұсқауы: «Сіздің алдыңызға бірнеше қарапайым сұрақтар беріледі.Сіздің міндетіңіз тез және бірізді «иә», «жоқ», « кейде» деген нұсқауларға жауап қайтарыңыз.

Әдістеменің бағалануы:

«Иә» жауабына – 2 ұпай; «кейде» жауабына – 1 ұпай, « жоқ» жауабына- о ұпай беріледі.

Алынған ұпайлар классификациялау деңгейі бойынша анықталып, әр зерттелінуші өз категориясына ие болады.

Әдістеме классификаторы:

Жотаева Н .Т.Қоспанова Ш.З.- 14-18 ұпай. Сізде орташа коммуникативтілік. Сіз білім сүйгіш, қызықты тілдесіңізді тыңдауға бейім, қарым – қатынаста шыдамды, өз көз қарасыңызды ызаланусыз жеткізе аласыз. Таныс емес адамдармен кездесуге уайымсыз барасыз, бірақта шулы топтарды ұнатпайсыз. Экстровагантты қимылдар және көп сөздер сізді тітіркенушілікке әкеледі.

Утепова Ж.Т- 19-24 ұпай: Сіз қарым – қатынасқа оңай түсесіз және жаңа жағдайларда өзіңізді толық сенімді ұстайсыз. Жаңа сәтсіздіктер сізді шошытпайды. Сонда да жаңа адамдар мен тіл табысуда біраз қиналасыз, пікірталастарда және қақтығыстық жағдайларда көп қатыспайсыз. Сіздің пікірлеріңізде кей уақытта сарказм көптігі байқалады. Бұл жетіспеушілікті түзету мүмкін.

Психолог: К.Айжарикова

Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
Хаттама №

Алдын алу және ағарту жұмыстары
Психологиялық тренинг: "Эмоцияны басқарып үйренейік"
Мақсаты: Тәрбиешілердің бойынан агрессивті мінез- құлықтың алдын-алу және агрессияны басқара білу.
Жүргізілген уақыты: 16..09.2022 ж.
Кімдермен өткізілді: тәрбиешілермен
Қатысқан тәрбиешілер саны: 4
Көрнекіліктер: интерактивті тақта, газет, А3 қағазы, маркерлар, жұмсақ ойыншық, нақыл сөздер
Балабақша тәрбиешілері арасында «**Эмоцияны басқарып үйренейік**» тақырыбында тренинг өткізілді.
«Қазіргі көңіл-күйім» жаттығуы.
Тренингден соң алған әсерлерін, көңіл-күйін, өзіне ұнайтын түстерімен салыстырып, себебін айтады
«Көрме» тренингінде тәрбиеші бойындағы ашу-ызасын көз алдына елесте те отырып, ойша шығара алды.
«Сен агрессияны қалай жеңесің?»бейнеролигі көрсетіліп, тәрбиншілерге сұрақтар қойылды. Тәрбиешілер арасында агрессия дұрыс жеңіп, басқара білетіндер де болды. Ал бірі агрессияны күшпен немесе, еш әркет жасамайтын тәрбиешілер де болды.
«Газет» жаттығуында **тәрбиешілер** газетті бір қолымен сілкіп жырту арқылы ішкі қысымнан арылып, босаңсуды сезіне алды.
«Сілку» жаттығуы. Бойымыздағы жағымсыз ойлардан арылтады. Жағымсыз энергиялар түседі. Басымыздан аяғымызға дейін сілкейміз. Басымызды да сілкеуге болады. Осы жаттығу арқылы бойымыздағы барлы жағымсыз ойлардан арыламыз.

Педагог-психолог: К.У.Айжарикова

Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
Профилактика және психологиялық ағарту бойынша
Хаттама №4

Тәрбиешілерге психологиялық кеңес
Тәрбиешілермен тренинг жаттығулар
Тақырыбы: «Жақсы көңіл-күй сыйлайын»
Мақсаты: Балабақшадағы педогог, қызметкерлердің психикалық көңіл-күйлерін көтеру. Өздеріне құрметпен қарау.Ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнату арқылы адамгершілікке, достыққа, өзара түсінушілікке, көңілді, мейірімді ұйымшыл болуға баулу.
Жүргізілген уақыты: 16.01.23 ж
Кімдермен өткізілді: тәрбиешілермен
Қатысқан тәрбиешілер саны: 3
Қатысқан педагог- тәрбиешілер: Ж.Т.Утепова, Н.Т. Жотаева, Ш.З.Қоспанова

Балабақшамызда педагогтер мен жұмысшы қызметкерлерге арналған «Жақсы көңіл-күй сыйлайын» атты психологиялық тренинг өтті.

Барысы: Қадірлі әріптестер, бүгін сіздердің психикалық көңіл-күйлеріңді көтеруге, өз-өзіңізге құрметпен қарауға, бір-бірімізбен сыйластық қарым-қатынаста болуға арналған тренингке ұйымшылдықпен қатысуға шақырымын.

Қазіргі заманда ұстаз, тәрбиешіден құрметті маман жоқ. Бұл қиында қызықты мамандық. Ал, қазіргі заман талабына лайықты,білімді, ғылыми жаңашылдықты, өнер мен саясатты білетін ұстаз, бұл- «шебер ұстаз» делінеді.

1. **«Танысу жаттығуы»** Ойынға қатысушы амандасу ретінде бір-бірінің көңіл-күйлерін сұрайды. Жаттығуғу қатысушылар өз есімдерімен таныстады. Есімдерінің қойылу тарихын әнгімелеп береді.

Жаттығуға қатысушыларға тест жүргізіледі.**«Сіз мейірімді адамсыз ба»?**
Мақсаты: Әркім-ақ өзін «кеңпейілді», «мейірімді адаммын»- деп, есептейді немесе сондай жандардың қатарында болғысы келеді. Кімнің болсын өзі туралы жақсы ойлауға қақысы бар емес пе? Бірақ шын өмірде қандайсыз, міне мәселе осында. Қазір сіздің қаншалықты мейрімді екеніңізді байқап көрелік. Берілген сұрақтарға ия немесе жоқ деп жауап беріңіз.

3. Психолог: **Тест ұсынады. «Қандай ағашты таңдайсыз»?**
Мақсаты: Әркім өзінің қандай екенін білу үшін
Барысы: Суреттегі ағаштардың бірін таңдап алыңыз. Әрине қайсысы көзіңізге ерекше түсті, соның реттік санына қараңыз. Егерде суреттегі ағашты таңдап болсаңыз, өзіңіз жайлы психалогикалық тест жауабымен танысыңыз.

Сіз қандай екенсіз?

1) Ойлануға арналған жаттығулар.
Мақсаты: Бір-бірімізді жақын тану үшін бір-бірімізді көзіміз арқылы

Барысы: Ойынға қатысушылар екі жұптан бөлінеді. Екі жұп бір-бірінің көз жанарына үңіліп қарау арқылы бір-бірін сипаттайды.
Мысалы: Айгүл сенің көзің күлімдеп тұр. Айнұр сенің көзің ойлы көз,- деген мағнада,

2) Ойлануға арналған жаттығудың екінші бөлімінде ойынға қатысушы екі жұп бір-біріне қарап отырып, бірінші жұп қарсы жұптың бес жасындағы кезін сипаттайды. Екінші жұп болса қарсы жұптың он жасында қандай болғанын сипаттайды. Әр адам ойлау арқылы қарсы жұп туралы жүйеле сипаттап айтады. Дұрыс айтылса, ия «дұрыс» деп, қате айтылса «дұрыс емес», мен мынадай болдым деп өзі айтып шығуы қажет.

5. **Сергіту жаттығуы. «Орындарымен ауыстыру»**
Ойынға қатысушылар шеңберге тұрады. Содан соң туған айларына қарай орындарын ауыстырады. Әрі қарай да солай жалғастырады
Ойын жәй ғана саз әуенімен орындалады. Екі-үш рет ойналады.

6. **Психолог сөзі.** «Жүректен шыққан жылы сөз, жүрекке жол табады» демекші, жылы сөз адамдарды достастырады, сабырлы болуға, денсаулығын сақтауға, көңілін көтеруге, ашуын қайтаруға себебін тигізеді. Әрбір айтылған жылы сөзді адам жүрегімен қабылдайды. Сондықтан да қолдан келгенше бір-біріне жылы сөздер айтқан дұрыс. Олай болса бір-бірімізге тілек тілейік. Қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Бір-біріне сағаттың тілінің бағыты бойынша жүрекшені ұсына отырып, кезекпен достық тілектерін білдіреді.

Ойын тренингіне қатысқаныңыз үшін рахмет.

Іскерлік ойын «Қарым-қатынаста қандаймыз?»

«Қарым-қатынаста қандаймыз?» мұғалімдерге арналған іскерлік ойын Мақсаты: мұғалімдер арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу.. Қажетті құралдар: қағаз ұшақтар, жануарлардың аты жазылған карточкалар, жаттығуға қажетті парақтар, майшам, магнитофон.

I. **«Өз жылы сөзіңді сыйла»**

Мақсаты: Әрбір қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезінуі, бір-біріне жылы сөздерін сыйлау. Қағаздан жасалған ұшақтарға әр мұғалім өз белгісін қойып,оны ұшырады,содан соң жерде жатқан кез-келген ұшақты алып,оған өздерінің жылы лебіздерін жазады.

2. **Топтық жұмыс**

Жануарлар атауы жазылған қағаз қиындылары(қоян, тауық) арқылы топқа бөлінеді, сіздің текшеңізде не жазылғанын оқыңыз. Жазуды сіз ғана көруіңіз керек. Енді текшені жинап қойса болады. Әркайсысыңыздың міндеттеріңіз өз сыңарыңызды табу. Бірақ, сөйлеспейсіздер, өзіңіздің жануарыңызға тән дыбыстар шығармайсыздар, тек әртүрлі қимылдар арқылы кез-келген әрекетті үнсіз жасайсыз.

Тапсырма: Мұғалімнің моделін жасау,жоба қорғау

1-топ: Мұғалім деген мамандыққа қандай талаптар қоясыңдар?

2-топ: Оқушылардың көзқарасымен мұғалім қандай болу керек?

3**. «Мен кіммін» жаттығуы**

Мен қандай адаммын?


Мен қандай адам болғым келеді?

Ол қандай адам?

Қатысушыларға ақ парақ алып, оның көлденеңнен 3 қатарға бөлу тапсырылады. 1-қатарға «Мен қандай адаммын?» деген сұраққа мұғалімнің кәсіпи сапаларын жазады; 2-қатарға «Мен қандай адам болғым келеді? мұғалім қандай кәсіби сапаларға ие болу керек; 3-қатарға сол жақтағы көршісі «Ол қандай адам? ол мұғалім қандай кәсіби сапаларға ие екенін жазады.

4. **«Табиғат мінезі» жаттығуы**. Қане, барлығымыз тізбектеле тұрайық. Көзімізді жұмып, өзімізді табиғат аясында тұрғандай сезінейік. Күн тамаша ашық, күн сәулесі шуақ шашып тұр, айнала тамаша көріністе толы. Енді, көзімізді ашып, өзімізді еркін сезінейік. Алғашқыда бәрі жақсы болып тұрды да кенет, аяқ астынан жеңіл жел соқты. Алдыңызда тұрған адамның арқасынан жәймен ғана қолмен жеңіл желдің самалындай етіп сипаймыз. Жел күшейді – енді алдыңыздағы адамның арқасын қатты уқалай бастаймыз. Кенет, боран басталды - енді боран күшіндей екі қолмен айналдыра күштірек уқалаймыз. Содан кейін, аяқ астынан жай ғана жаңбыр сіркірей бастады – енді қолымызбен жаңбырдың тамшысындай жәймен ұрамыз. Бір кезде қатты жауын жауды – біз қатты жауын сияқты арқамызды саусақтң ұшымен жоғары төмен сипалаймыз. Аяқ астынан бұршақ жауды – арқамызды саусақ басымен бұршақ жауғандай қаттырақ ұрамыз. Бір кезде бәрі басылды, күн жарқырап ашылып, адамға бір күшті шуақ берді. Енді алдымыздағы







«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Түзету-дамыту жұмысы бойынша
Хаттама№

Балабақша тәрбиешілеріне психологиялық кеңес

Мақсаты: Балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу бойынша кеңес.
Жүргізілген уақыты:18.01.2023 ж.
Қатысқаны: 2 (қатыспаған 0)
Тәрбиешілердің аты-жөні: Н.Жотаева, Ш.Қоспанова
Әдіс- тәсілдер: бейнежазба , кеңес беру жаднамасы
Жұмыс барысы

-Балабақшадағы тәрбие – барлық тәрбиенін бастамасы. Мектепке дейінгі шақ бала бойында адамгершіліктің негізін қалайды. Сондықтан да бала бойына жас кезінен бастап ізгілік, мейірімділік ,сымбаттылық, сезімдерін қалыптастыру- ата-аналар мен тәрбиешінін міндеті. Мектеп жасына дейінгі балалардың жан- жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Тәрбиеші бағдарламада көрсетілген сюжетті – рольдік, кимыл–қозғалысты, дидактикалық және басқа да ойын түрлерін пайдалана отырып, топтағы баланың ойын әрекетін ұйымдастыра білуі тиіс. Ойын – балаларды оқуға, енбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал. Адамгершілік тәрбиесі тәрбиенін басқа да салалармен байланысты.

Тәрбиешілерге кеңес беріліп,жаднама таратылды.

Қорытынды : Тәрбиешілерге балабақша меңгерушісі де өз кеңестері мен ұсыныстарын айта отырып жұмыстарына әркез сәттілік тіледі.

Бала тәрбиесіндегі олқылықтарға ескертулер жасалынды.

Психологиялық тренингтер өткізіліп, мативациялық флеш тренингтер көрсетілді.

Тәрбиешілер белсенді қатысып, өз ойларын айтып, тілек білдірді.

Психолог: К.Айжарикова

Бекітемін:
«Айголек» бөбекжай-бақшасының»
меңгерушісі: Ж.Т.Утепова

Тәрбиешілерге кеңес

1. **Тәрбиешілермен тренинг жаттығулар**
2. **Тәрбиешілерге психологиялық кеңес**
3. **«Педагогтар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынас " тесті»**
4. **Мақсаты:** Тәрбиешілер арасындағы қарым-қатынасты анықтау.
5. **Жүргізілген уақыты:** 16.01.23 ж.
6. **Кімдермен өткізілді:** тәрбиешілермен
7. **Қатысқан тәрбиешілер саны: 3**

"Айголек бөбекжай-бақшасы"

Психологтың жасаған жұмысының

Хаттамасы №

Бағыты: Профилактика және психологиялық ағарту

Қатысушы: Бөбекжай педагогтары

Күні: 10.01.2023 жыл

Тренинг "Психологиялық денсаулықтың құпиясы"

Көңіл-күй және денсаулық

Мақсаты: Жақсы көңіл-күйдің адами қарым-қатынаста алатын орны туралы түсінік беру. Өз көңіл-күйін, эмоцияларын және сезімдерін басқара білу қабілеттері мен дағдыларын дамыту. Денсаулыққа зиянды жағымсыз әрекеттерге қарсылық сезімдерін ояту.

Жоспары:

1.Шаттық шеңбері.
2. «Қол алысу» жаттығуы.
3. «Менің ерке есімім» жаттығуы.
4. «Көңіл-күй неге ұқсас» жаттығуы.
5. «Сезім» жаттығуы.
6. «Сезімді тап» жаттығуы.
7. Күйзелісті қалай жеңуге болады. Ойын .
8. «Ағаптын суретін салу» әдісі.
9. Психологиялық кеңес.
10. Аутотренинг. Өмірге деген құштарлық өшпесін

Сабақ барысы:

Қайырлы күн құрметті ұстаздар!

Бүгін алға қойған жоспарларыңыз оңынан болсын. Әрбір таңдарыңыз арайлы, күндеріңіз шуақты болсын. Бір-бірімізге күлімдеп, жымиып қарап, көтеріңкі көңіл-күймен сабағымызды бастайық! Көңіл-күй және денсаулық. Бүгін осы тақырыпта әңгімелесеміз.

1.«Қол алысу» жаттығуы

Қазір біз сынып ішінде ары-бері жүреміз. Қатысушылардың қолын көбірек қысып үлгеруіміз қажет Әрбір қатысушы минут ішінде қанша адамның қолын қысып үлгергенін санаймыз.

2. «Менің ерке есімім» жаттығуы.

Қатысушылар өзінің ата-анасы, құрбы-достары оны еркелетіп айтатын есімін айтып шығуы тиіс. Әр адам өзінің есімін жиі қайталап айтып, өзіне мадақтау сөздер айтып тұрғаны жөн.

3. «Көңіл-күй неге ұқсас» жаттығуы

Ойыншылар бүгінгі көңіл-күйлері неге ұқсас екенін айтады. (Қай жыл мезгіліне, ауа-райына, жануарға). Көңілді, көңілсіз, жабырақы, түңілген. Бұл – көңіл-күй түрі. Психологиялық зерттеулердің көрсетуі бойынша адам өзінің суық көңіл-күйін қарым-қатынас жасайтын адамына таратады екен. Біреумен өзілдескісі, сөйлескісі, өз әсерімен бөліскісі, ой идея келмегенде, адам жаның жабыңқы көңіл-күй жаулап алады. Ал бір жағынан үнемі көтеріңкі көңіл күйде болып жүру ортадағы адамға кері әсер етеді, оны жолықтырады. Басқа сөзбен айтқанда көңіл-күй сізді емес, сіз көңіл-күйді сол ортаға сай басқару керек екенін есте ұстау керек.

4. «Сезім» жаттығуы.

Нұсқау: Сіздің алдыңызда түрлі сезім келтірілген, сөйлемді аяқтау:

_Кішкентай баланы көргенде, мен .... сезінемін

-Сыныптасымды көргенде, ... сезінемін

-Мен біреумен сәлемдесемін, бөтен шықты,

Мен сезінемін

-Мен алғашқы махабатымды көрдім, мен . . . . сезінемін.

Сезім дегеніміз әсерге бөлену. Жақсы сезім адамның көңіл-күйін көтереді, жанын шуаққа бөлейді, денсаулығына да пайдасы мол. Күлімдеу, адамдарға қуаныш сыйлау білу-өзіңнің де, өзгенің де өмір жасын ұзартып, денсаулығын жақсартады.Денсаулық адамға шаршамай жүру үшін, көңіл-күйіміздің жақсы болуы мен бақытты өмір сүру үшін қажет.

5. «Сезімді тап» жаттығуы.

Жағымда сезім: қуану, шаттану, сабырлылық, таң қалу.Жағымсыз сезім: қорқу, уайым, күйзеліс, кінәлау. Мұнан кейін аз ғана уақыт беріліп кез келген сезім түрін ым-ишара, қимылмен көрсетуін сұрайды. Басқасы бұл қандай сезімді бейнелеп тұрғанын табуы қажет.

6. «Күйзелісті қалай жеңуге болады?» Ойын-жаттығу

Күйзеліс (стресс) күйден арылмау денсаулыққа зиян. Болмашы нәрсеге күйгелектеу жүйкені тоздырады, жүрекке күш түсіреді, өмірді қысқартады, адамның мінез-құлқын өзгертеді.

Шарды үрлеу арқылы өзінің бойындағы жағымсыз ойларын, сезімдерін айтып шарды үрлейді. (Мысалы: қорқыныш, уайым, шаршау). Соңынан шарды жарады. 2-ші рет шарды үрлеп отырып, жақсы сөздер айтады. Мысалы: Мен өзіме сенемін

Менде қорқыныш жоқ.

Шарды үрлеп, бірте-бірте жәй ауа шығарады. Жақсы сөз-жарым ырыс, -дейді халқымыз. Жақсы сөз-жанды жадыратады.

7.Психологиялық кеңес

Күнделікті күйбең тірлік, қарбалас жұмыстан соң, әсіресе көктем мен күз айларында адамның ағзасы әлсіреп, жүйкесі шаршайтын кез. Сондықтан ағзаға қажетті дәрумендер қабылдап, жүйкені тыныштандыратын мәлисса, жалбыз шөбінен шай қайнатып ішкен жөн. Таза ауада серуендеп, әдемі ән тыңдасаңыздар бұл сіздердің көңіл-күйлеріңізді көтереді.

Таңертең күлімдеп оянып, айна алдына қарап тұрып, өздеріңіздің есімдеріңізді қайталап, мақтау сөздер айтыңыздар. Мысалы: Мен-мықтымын, сабырлымын, менің қолымнан бәрі келеді, мен бақыттымын, жетістіктерге жететініме сенімдімін т.с.с Осы сөздер сіздерге сенімділік береді. Мұндай жаттығуды психологиялық жаттығу деп атаймыз.

8.Өмірге деген құштарлық өшпес.

Өмір деген –ұзақ жол, ағып жатқан өзен сияқты. Өмірде адам талай қуанышқа, ренішке, қызыққа, қиындыққа кездесіп отырады. Әрдайым қиындықтан соң қуаныш болатынына сенім, сабырлылық таныту қажет. Адам бойындағы қасиеттің ең асылы, ең жақсысы-сабырлылық.

Психолог: К.У.Айжарикова

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Диагностика қорытындысы бойынша

Хаттама №

Диагностиканың атауы: Балабақшада қызмет жасайтын маманның кәсіби шеберлігін анықтайтын жедел сауалнама

Мақсаты: педагогтардың өз мамандығының кәсіби шебері екендігін анықтау.

Жүргізілген уақыты: 14.01.2023 ж.
Кімдермен өткізілді: тәрбиеші-педагогтармен
Қатысқаны: 3
Сауалнама барысында :

№	Педагогтың аты-жөні	%	Көрсеткіштері
1.	Утепова Жамал Турешовна	90	педагог 80 пайызға өз мамандығының шебері екендігі дәлелденеді.
2.	Жотаева Назира Тулеубековна	90	педагог 80 пайызға өз мамандығының шебері екендігі дәлелденеді.
3.	Қоспанова Шамшырақ Зейноллақызы	80	педагог 80 пайызға өз мамандығының шебері екендігі дәлелденеді.

Қорытынды: Сұрақтарға «иә » немесе «жоқ» деп жауап жазылады. 10 сұрақтың 8 не «иә» деген жауап берілсе,педагог 80 пайызға өз мамандығының шебері екендігі дәлелденеді. Одан төмен көрсеткіштер шеберлікке жетуге ұмтылу қажет екендігін дәлелдейді. өз мамандығының шебері екендігі дәлелденеді.

Ұсыныс :

- Қызметіңізге аса мән беріп, күш-жігеріңізді салып ,жаңа технология бойынша өзіңізді көрсете біліңіз?
- Сенімділік, жауапкершілікті биікке ұстаңыз.
-
-

Педагог-психолог: К.У.Айжарикова

Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Түзету-дамыту жұмысы бойынша

Хаттама№

Түстер психологиясы тесті. бөбекжай қызметкерлеріне

Мақсаты: психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнату.

Жүргізілген уақыты: 11.01.2023 ж.

Қатысқаны: 4 (қатыспаған 0)

Әдіс- тәсілдер: презентация, түрл-түсті смайлик,қағаздар.

Жұмыс барысы :

Презентациядан түрлі-түстер шеңбері көрсетіліп, өз қалауы бойынша түстерді таңдай білді.

Ақ – түс. Бұл түсті жақтайтын адамдар барлық мінезді адамдармен қарым – қатынаста болады.

Қара - бұл түс өзіне -өзі сенбейді.Өзін - өзі қажуға жақын адам

Сұр – қандай да бір шешімге келу үшін көп ойланады.Өзі туралы қатты айтуға қорқады.

Қызыл – батыл, тез ашуланатын, тез қайтатын, айналасындағылармен қарым – қатынасқа тез түсетін адам.

Қоңыр – екі аяғында тең тұратын адам.Әдет - ғұрыпты сақтайтын, жаңұяны мақтан тұтатын адам.

Сары – мәдениетті, ортаға тез үйренетін, сұлулықты ұнататын және өзіне айналасындағылардың көңіл бөлгенін жақсы көретін адам.

Көк – тез шаршағыш келеді. Өзіне деген сенімділігін дамыту керек.

Жасыл – басқа біреудің әсерінен қорқады.Өзіне сенімділігін арттыру жолдарын іздестіру керек.

Қызғылт – ерекше қуаныш сезімі

Қызыл сары – қуаныш белсенділігі

Көгілдір –тыныштық, сабырлық

Ашық жасыл – сенімділік, романтика

Сия көк – жаман көңіл –күй



"Айгөлек" бөбекжай -бақшасы

Түзету -дамыту жұмысы бойынша
Хаттамасы

Түзету жұмысының атауы: Сөйлеу тілінде кемістігі бар балалармен жұмыс
Мақсаты: Балалардың сөйлеу тілдерін дамыту
Жүргізілген уақыты: 15.11.22 ж.
Қатысушы ата-аналар: мектепалды даярлық топ ата-аналары
Қатысқан ата-аналар саны : 8 (қатыспаған жоқ)
Психолог ата-аналарға балалардың сөйлеу тілдерінің дамыту бағытында дәріс оқыды. Ата-аналарға кеңестер берілді.

Сөйлеудің дұрыс қалыптасуы үшін мидың бүкіл құрылымдарының сақталып, мүлтіксіз қызмет атқаруы қажет. Сойлеудегі ең маңызды элементтер — есту, көру, моторика жүйесі. Ауызекі сөйлеу перифериялық сөйлеу аппаратының негізгі үш бөлімінің — дем алу, дауыс және артикуляция, бұлшық еттерінің үйлесімді жұмыс атқаруы нәтижесінде іске асырылады.

Сөйлеу қызметінде негізгі рөлді мидың доминантты жарты шарында (оңақайларда сол жақ, солақайларда оң жақ жарты шар) орналасқан сөйлеу — есту және сөйлеу — қимыл зоналары атқарады. Сөйлеу баланың психофизикалық жалпы дамуы процесінде қалыптасады.

Сөйлеудің бұзылуының себептерін бірнеше топқа бөледі:

Дидактикалық ойындар. Бұл ойынды белгілі ережесі мен мазмұны бойынша үлкендер ұйымдастырады. Дидактикалық ойындардың міндеті — балалардың бағытталған және ортақ іс- әрекетін ұйымдастыру. Бұл ойын барысында бала еш мәжбүрсіз, байқамай қажетті білімдерді алады. Балалар ойын тапсырмаларына қызыға көңіл бөледі. Табу, айту, атау, ойын тапсырмасын сапалы шешуге көңіл бөледі: сұлбаны әдемі құрастыру, суретті дұрыс таңдау.

5 жастаға бала дидактикалық ойын барысында заттардың саны мен сапасын оның атауларды, оларды сыртқы бейнесі бойынша салыстырып, есте сақтауды үйренеді. 6 жастағы бала ойын тапсырмасын сапалы шешуге қызығушылығы арта түседі. Ал 7 жасқа таман бұрынғысынша ойын әрекеті қызықтырады, бірақ көбіне ойынның нәтижесі қызықтау болады. Бұл кезде өзіндік ұйымдастыратын, бағалау, өзін-өзі бақылау сияқты қасиеттерін дамытуға ықпал ететін ойындар қолданылады. Бұл жастағы балалар үшін аспапты таны, дыбыстарды қайтала, өзің сүйетін әуенді орында деген сияқты музыкалық дидактикалық ойындар қолданылады.

Логопедиялық сабатардағы дидактикалық ойын барысында балаларды асықпай сөйлеуге тәрбиелейді; дыбыс айтуы шыңдалады, сөздік қоры молаяды. Есту зейіні мен фонематикалық естуін дамыту үшін музыкалық дидактикалық ойындардың да маңызы зор.

Қимылды ойындар. Сөйлеу тілінде кемшілігі бар балаларда қимыл бұзылысы жиі кездеседі: қимылдың епсіздігі жинақылық емес ебедейсіз, әр түрлі қимыл икемсіздігі. Сол үшін қимылды ойындардың алатын орны ерекше. Балалар қажет қимылды шыңдайды, ұжымдық ойындар ойнауды үйренді. Олар үшін дыбысталған қимылды ойындардың маңызы зор, логопедияда бұл ойындар логопедиялық ритмика деген атаумен таныс. Бұл ойындар алада дұрыс тыныс өлең мен дыбыстауды, қимылды сөзбен ұштастыруды тәрбиелеуге әсер етеді.

Ата-аналар өздерінің сауалдарын қойып, өзара тәжірибелер алмасты.

Түстер психологиясы

Күнделікті өмірде біз аса мән бере бермейтін «түстердің» адам психологиясына айтарлықтай ықпалы бар екендігін бүгінде дүниежүзілік ғалымдар дәлелдеп шықты. Сіздің ***таңдаған түсіңіз*** айналаңыздағыларға сіз туралы көп мәліметті беріп тұрады. Мәселен, жасыңызды, мәдениет деңгейіңізді, біліміңізді, ерекшеліктеріңізді, мінезіңізді сіз жиі қолданатын түске қарап–ақ байқауға болады.

Сондықтан да, төменде ұсынылған түстер психологиясын оқи отырып, достарыңыз туралы мәлімет алуға немесе айналаңыздағы адамдардың сізге деген оң пікірін тудыра отырып, өз стиліңізді, бедел–бейнеңізді қалыптастыруға мүмкіндігіңіз бар.

Көк түс – жан тыныштығын, молшылықты, татулықты білдіреді. Ол адамдар мен қоғамды байланыстыратын негізгі дәнекер іспетті, бірлік, көпшілдік сезімнің, сенімнің түсі. Сондай–ақ, көк түсті ұнататындар өкпелегіш, сары уайымға салынғыш болып келеді. Әсіресе, көк түсті ***молшылықтың*** нышаны болғандықтан семіз келген адамдар ұнатады. Көк түсті таңдағандар – тыныш ортаны, мазасыздық пен сотқарлықтан, келіспеушіліктен алыс болуды қалайтындар. Олар бір-біріне деген сенімді қалайды және өзгелердің де оларға сенуіне әбден болады.

Сары түс – жеңілдік пен қуанышты, сабырсыздықты, нұр сәулені білдіреді. Қуаныштың, күн шапағатының нышаны. Сары түс адамды болашаққа бағыттайды, жаңалыққа талпындырады, заманауилыққа, дамушылыққа құштар етеді. Бұл түсті таңдаған кез келген адам қиындықты тезірек жеңуге құлшынып, тезірек босап шығудың амалын іздеп тұрады. Өзгерісті жиі қалап тұрады, сары түске құмар адамға ***тұрақсыздық*** тән.

Қызыл түс адамның энергияға толы екенін көрсетеді. Өмірлік күшті, белсенділікті, нәтиже, сәттілікке қол жеткізу үшін барлық мүмкін болған талпыныстыі, бейімділікті, албырттықты, жеңіске деген жігерді, құлшыныстыі білдіреді. Бұл түсті таңдағандар - кез келген қиындыққа мойынсұнбайтын, ***күрескер, батыл адамдар***

Жасыл түс – еркіндікке деген жігерлікті, табандылықты, мақсаткерлікті, өзімшілдікті, «Мен» деп өзіне жоғары баға берушілікті білдіреді. Бұл түсті таңдағандар – өзінің құндылығына деген сенімді жоғарылатқысы келетіндер, айналасындағы адамдардан мақтаулар, жақсы пікірлер күтетін адмадар. Сондай-ақ, бұл түс тәкаппарлықтың нышаны.

Күлгін түс - адамның тілегені мен қиялындағысы ***ақиқатқа*** айналады деген үміттің нышаны. Асыл арман мен көркем қиялдың түсі. Бұл түсті таңдағандар тек өзгелерді таң қалдырғысы немесе сүйсіндіргісі келмейді, өзін де таң қалдырғандығын қалайды. Сондай–ақ, бұл түсті мектеп оқушылары, аяғы ауыр әйелдер таңдап жатады. Оларға әлем сиқырлы, бар нәрсеге қол жеткізуге болатындай болып көрінеді.

Сұр түс – ***еркіндіктің*** нышаны. Бұл түсті таңдағандар – белгілі бір жүктелетін міндеттен ада болғысы келеді. Ештенеге араласқысы келмейді, көпшілік ортаны ұнатпайды. Ортада оның бары, жоғы байқала бермейді. Адамдар оларды тез жалықтырғыш, іш пыстыратын жаратылыс ретінде қабылдайды.

Қара түс – абсолютті шекара, өмірдің тоқтайтындығының белгісі. Ол ғайып болу, өлім ойын көрсетеді. Қара түс – соңы, енді ештеңе болмайтындықтың нышаны. Десе де, қара түсті таңдаған адам ***тағдыр ағысына қарсы тұра алады.***

Ақ түс – таза парақ, онда әлі де талай тарих жазылады. ***Пәктік, тазалық*** нышаны. Ақ түс әділдікті білдіреді. Еш бояуы жоқ ақ түс кіршіксіз сезімді көрсетеді. Пәк қалыңдықтар ақ көйлекті осы себептен де киеді.

"Айгөлек бөбекжай-бақшасы

Психологтың жасаған жұмысының
Хаттамасы №

Бағыты: Профилактика және психологиялық ағарту
Қатысушы: Бөбекжай педагогтары
Күні: 17.01.2023 жыл
Педагогтарға арналған релаксациялық жаттығулар

Релаксациялық жаттығу: «Менің қолымнан барлығы келеді»
Мақсаты: Ғажайып баққа саяхат жасау арқылы дүниенің бірлігін, біртұтастығын, әр адамның қайталанбас тұлға екенін сезінуін қамтамысыз ету, өзін бағалай білуге жетелеу.

Қазір мен мәтіндерді оқимын сіздер оны естіп, елестеп, сезінулерің керек. Ыңғайлы отырып, терең дем аламыз. Көзімізді жұмамыз. Көз алдыңыз қараңғылап кетті. Қараңғылық ішінен әдемі өрнекті түрлі-түсті қақпа пайда болды да, жарқ етіп ашылып кетті. Әрі қарай өтіңіз. Сіз тамаша бақтың ішіндесіз. Алуан түрлі гүлдер тобы сізге қарап, сүйіспеншілікпен иіліп, тербеліп сәлем бергендей болды. Кенет гүлдер тез көбейе бастады, жүздеген мыңдаған қызылды жасылды гүлдер жер бетін жауып кетті. Шеті мен шегі жоқ…Самал жел таза ауа мен гүлдердің иісін жеткізеді. Сізді жеңілдік пен еркіндік, қуаныш сезімі билейді. «Әр гүлдің өзінше бір исі бар, өзіне тән сұлулығы бар екенің ұмытпаңыз!» Өзіңізді бағалай біліңіз. Өзіңізді де, айналаңдағылардың бәріне де сүйіспеншілікпен қарауға тырысыңыз! Сіз өзгелерге қалай қарасаңыз, сізге де өзгелер солай қарайды. Сіз өзіңізді қалай сыйласаңыз, сізді де өзгелер солай сыйлайды.

Маған іштей қосылып қайталаңыз»: Мен-ол — мен» бүкіл әлемде маған ұқсайтын жан жоқ. Менің барлық жеңісім мен табысым тек маған ғана тиесілі. Менің барлық жеңілісім мен қателігім өзімдікі. Менде бәрі жеткілікті. Мен өте тамаша адаммын. Мен өмірдегі ең бақытты адаммын. Менің қолымнан бәрі келеді.

Талдау: елестеу кезінде қиындықтар болды ма? қандай сезімде болдыңыздар?

Қорытынды: Адам өмірде екі нәрсемен қартаймайды, біріншісі: мықты денсаулық, екіншісі: жүректен шыққан жылы сөзбен.Олай болса бір- бірімізге мықты денсаулық тілеп,жылы сөздер айтып,қайырымды болайық. Тренингке қатысқандарыңызға алғыс білдіремін.

Психолог: К.У.Айжарикова

«Айголек» бөбекжай-бақшасы

Профилактика және психологиялық ағарту жұмысы бойынша

Хаттама №

Тақырыбы: « Үйымшыл ұжым және өзара түсіністік өнері» тренингі.

Мақсаты.: тәрбиешілердің өз-өзіне деген қабілетін жоғарылату,өзара қарым-қатынасын дамыту.Ұжымның ұйымшылдық қарым-қатынасын нығайта түсуге,әріптестік ортада демалуға мүмкіндік туғызу.Жұмыс күнінен кейінгі ауырлықты басатын,жетістікке жетуге жол ашатын әдіс-тәсілдер мен психологиялық кеңестер ұсыну.

Міндеттері:қабылдарлық формада ашуды тарқатуға үйрету,өзара түсіністік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған топтық жұмыстар,топпен жұмыс барысында мейірімділік атмосферасын орнату.

Жүргізілген уақыты: 24.01.2023 ж.

Кіммен өткізілді: педагогтармен

Қатысқаны: 3

Өтілу уақыты: 20 минут.

Психологиялық технологиялар:А4 беттік қағаз парақтары,қалам,скоч, түрлі-түсті қағаздан жүрекшелер.

Тренинг барысы:

«Сәлемдесу ойыны» (2мин)

Мақсаты:қызығушылықтарын ояту.

Нұсқауы:Топта ары қарай жақсы қарым қатынас орнату үшін қолайлы орта туғызу, сәлемдесу ойыны.Жүргізуші алақанын соғады,қатысушылар бір-бірінің қолын қысады.Жүргізуші қоңырау соғады,қатысушылар бір-бірінің арқаларын сипайды.Жүргізушілер сылдырмақты сылдырлатады,

қатысушылар мұрындарымен амандасады.

Жаттығу « Ыбатпақтар» (5мин).

Мақсаты:эмоциональды ойын,жұппен,топпен,ұжыммен ойнатылады.

Нұсқауы:кілемнің бетіне А4 қағаз парақтары төселеді.Қатысушылар бір-бірінің артарында қатар-қатар тұрып,қолдарын ұстап жерде төселген қағаздың үстінен өтіп шығу керек. Жантанушы түсіндірген боймен жүргізіледі.

«Кенгуру»ойыны .

Мақсаты:ұжымның ұйымшылдығын қалыптастыру.

Нұсқауы:қатысушылар екі топқа бөлінеді.Бір кенгуру тұрып тұрады,екіншісі оған арқасымен тұрады,сосын отырып тұрады.Екі қатысушы да қолдарын ұстайды.Әрбір жұптың міндеті осы тұрғыда,қолдарын айырмай,болмесе секіріп,айналып шығу.Қатысушылар рөлдерімен сосын жұптарымен алмасады.

«Көңіл-күй» түсі.

Мақсаты: бірігіп жұмыс жасау.

Бүгінгі көңіл-күйіңізді қандай түспен бейнелейсіз? Әр қатысушы өзінің көңіл-күйінің түсін таңдап алады. Қатысушылардың бүгін қандай көңіл-күймен келгендігін проектордан көрсету.**Сары**-өзін де, басқаны да қуантып жүретін адамдар. **Көк**-байсалдылық, қанағаттандылық белгісі, қонақжай адамдар. **Жасыл**-жүрген ортасында белсенді адамдар. **Ақ**-мейірімді адамдар. **Қызыл**-алдына мақсат қойса жетпей тынбайтын жігерлі адамдар.

Қара-ішімдегіні тап деп отыратын тұйық мінезді адамдар.

Құрметті тәрбиешілер! Бүгінгі тренинг –сабағымызды осымен қорыта келе сіздермен «Тілек парағын» өткіземін.

Ойын « Тілек» (3мин).

Мақсаты: бір-біріне деген ізгі тілектерін білдірту.

Нұсқауы:барлық қатысушылар шеңберде өздерінің тілектерін қай адамға айтқылары келеді,сол адамның арқасына жазады.

"Айгөлек бөбекжай-бақшасы"
Психологтың жасаған жұмысының
Хаттама №

Бағыты: кеңес беру
Қатысушы: тәрбиешілер.
Кеңес алушылар: Н. Жотаева, Ш.Қоспанова
Сұраныс беруші: әкімшілік
Күні: 18.01.2023 жыл.
Барысы: Мектеп жасына дейінгі балалармен психодиагностикалық жұмыстарының негізгі принциптері.

«Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін оны жан-жақты білу керек» деген белгілі педагог Г.Д.Ушинский көрегендігін басшылыққа ала отырып, педагогикалық үрдісті психологиялық қызметпен ұштастыра жүргізе отырып осы бағытта біршама жұмыстар атқарды. Нақты фактімен келтірер болсақ: мектеп жасына дейінгі балаларының процестерін даму деңгейін анықтау мақсатында отандық психолог Р.С.Немовтың «Ғалымдық процестердің дамуы» методикаларын қолданып, психодиагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Психодиагностикалық зерттеу жұмысынын өзектілігі балалардың қабылдау, ойлау,сөйлеу, есте сақтау, қиял, зейін әрекеттерінің даму дәрежесінің қай деңгейде екендігі жөнінде қажетті деректер берді. Баланы диагностикалық тексеру алдында онымен алғашқы байланысты орнату үшін, кез-келген тақырыпқа диагностикалық сұхбат жүргізу қажет. Әдетте, мұндай сұхбаттар төмендегідей құрылымнан тұрады:

1.Кіріспе: баланы ынтымақтастыққа тарту, көңілін келтіру;
2.Баланың еркін сөйлеуі;
3.Жалпы сұрақтар беру: «Сен өзің туралы маған бірдеңе айта аласың ба? Сен баламен қалай ойнайсың?»
4.Толық зерттеу;
5.Бала өзін еркін сезінетіндей жағдай жасау және балаға құрмет білдіре отырып, қорытынды жасау.

Балаға берілетін сұрақтар үш түрлі болады:
1.Зерттелетін пәндерге байланысты тікелей сұрақтар, мысалы: «Сен сурет салғанды жақсы көресің бе?»
2.Мазасыздану, үрейлену қаупін бәсеңдететін жанама сұрақтар, мысалы: «Егер үстел үстінде фломастерлер жатса сен не істер едің?»
3.Баланы топпен немесе басқа адаммен теңестірумен сәйкестендірілген негізсіз сұрақтар, мысалы: «Балалар сурет салуды жақсы көре ме?»

Нәтижесі:

Психологиялық зерттеулер әдісін практикада қолданғанда негізгі принциптерді, идеяларды басшылыққа алу қажет. Алдымен бұл бала жанын, психикасын зерттеудің генетикалық тұрғыдан қарастыру принципі. Бұл принцип бойынша бала психикасының құбылыстарын зерттеуде, баланың үлкендермен өзара қарым-қатынас барысында қалай дамитындығын, өзгеретіндігін анықтауға тырысамыз. Бала психикасының дамуын диалектикалық тұрғыдан зерттеу детермишум принципін, ішкі және сыртқы факторларын анықталған қандай да бір өзгерістердің байланыстылығы болып табылады. Тұлғалы және қарым-қатынасты зерттеу бірлігі принципі – бұл айналасындағы адамдармен қарым-қатынасын талдамай, баланың тұлғасын және оның мінез-құлқы туралы мүлде ештеңе түсінуге болмайды. Сонымен қатар баланың дамуына көмектесетін әдістерді де қолдану жағын қарастыру қажет.

Психолог : К.У.Айжарикова

«Айголек» бөбекжай-бақшасы

Түзету-дамыту жұмысы бойынша
Хаттама№

Психо тренингтер ұжым қызметкерлеріне арналған

Тәрбиешілерге арналған психологиялық тренингтер.
Тақырыбы: «Өзіне деген сенімділікті арттыру»
Мақсаты: ұстаздар, тәрбиешілер арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге, өзіне деген сенімдерінің артуына көмектесу.
Жүргізілген уақыты: 20.01.2023 ж.
Қатысқаны: 3 (қатыспаған 0)
Қажетті құралдар: ақ параққа күннің, бұлттың, жаңбырдың, жасыл шөптер бейнеленген парақ қағазы, ватман, түсті және ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қаламдар т.б.
Тренингтің барысы:
1 Сәлемдесу.
2. «Ватманға саяхат»
3. «Кемпірқосақтың түстері»
7. Қорытынды «Суретті тест» жаттығуы.
Ұйымдастыру.
Психолог: Құрметті ұстаздар,тәрбиешілер өз қызметтерін аянбай, алаңсыз жүргізуіне ұшқыр ой, алғыр зейін, ояу көкірек керек екені даусыз. Бүгінгі мақсат-айналамыздағы адамдарымызбен қарым-қатынасымыз қандай, олар кімдер, біз кімбіз, өзімізді-өзіміз танимыз ба? деген сұрақтарға жауап іздеп тұлғаның адами көзқарасын анықтау.
Ендеше сіздерге сәттілік тілей отырып, тренингімізді бастаймыз.

1. Сәлемдесу.

Қазір топтың әр мүшесі кезекпен ортаға шығып, топқа қарап бір-бірін қайталамай топпен кез-келген тәсілмен сәлемдеседі. Ал біз әрбір сәлемдесуді қайталаймыз. Жаттығудан кейін талқылау. Сәлемдесудің қайсысы сіздің есіңізде қалды және неліктен?

2. «Ватмандағы саяхат»

Ойынға ватман мен бояулар керек. Бұл ойынды топпен немесе жеке балаңызбен ойнауға болады. Сіздің ұсынысыңыз: «Біз бүгін бірге ватманға саяхатқа шығамыз. әрқайсымыз кезекпен ватманға жақындап суреттер саламыз. Ойынның талабы қылқаламды немесе маркерді ватманнан үзбей сурет саламыз. Егер маркерді ватманнан үзсеңіз онда басқасы келіп, өз суретін сала бастайды. әр қасында 10 сек ғана бар. әртүрлі сызықтарды салуға, түрлі-түсті бояуларды қолдануға рұқсат.»

Қорытынды «Суретті тест» жаттығуы.
Психолог: Құрметті әріптестер бүгінгі тренингіміз қалай өтті? Барлығымыз қандай әсер алдық? Қорыта келе тренингтен алған әсерлерімізді осы «Суретті тест» жаттығуы арқылы білетін боламыз. Қатысушыларға күннің, бұлттың, жаңбырдың, жасыл шөптер бейнеленген парақ таратылады. Тренингтен алған әсерін, бір-біріне тілектерін сол берілген суреттердің біреуіне жазады.

Талдау.
Күннің суреті-тренингке қатысушының толық қанағаттанғаны, көңілденгені.
Бұлттың суреті- алған әсері төмен.
Жаңбырдың суреті- ешқандай әсер алмаған.
Жасыл шөптер- көңілді, жақсы әсер алғаны.

«Айголек» бөбекжай-бақшасы

Түзету-дамыту жұмысы бойынша
Хаттама№

Балабақша тәрбиешілеріне психологиялық кеңес

Мақсаты: Балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу бойынша кеңес.
Жүргізілген уақыты: 18.01.2023 ж.
Қатысқаны: 2 (қатыспаған 0)
Тәрбиешілердің аты-жөні: Н.Жотаева, Ш.Қоспанова
Әдіс- тәсілдер: бейнежазба , кеңес беру жаднамасы
Жұмыс барысы

Балабақшадағы тәрбие барлық тәрбиенің бастамасы. Мектепке дейінгі шақ бала бойында адамгершіліктің негізін қалайды. Сондықтан да бала бойына жас кезінен бастап ізгілік, мейірімділік ,сымбаттылық, сезімдерін қалыптастыру- ата-аналар мен тәрбиешінің міндеті. Мектеп жасына дейінгі балалардың жан- жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Тәрбиеші бағдарламада көрсетілген сюжетті – рольдік, кимыл–қозғалысты, дидактикалық және басқа да ойын түрлерін пайдалана отырып, топтағы баланың ойын әрекетін ұйымдастыра білуі тиіс. Ойын – балаларды оқуға, енбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал. Адамгершілік тәрбиесі тәрбиенін басқа да салалармен байланысты.
Тәрбиешілерге кеңес беріліп,жаднама таратылды.

Қорытынды : Тәрбиешілерге балабақша меңгерушісі де өз кеңестері мен ұсыныстарын айта отырып жұмыстарына әркез сәттілік тіледі.
Бала тәрбиесіндегі олқылықтарға ескертулер жасалынды.
Психологиялық тренингтер өткізіліп, мативациялық флеш тренингтер көрсетілді.
Тәрбиешілер белсенді қатысып, өз ойларын айтып, тілек білдірді.

Психолог: К.Айжарикова